

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ФАКУЛЬТЕТ ИСТОРИИ, АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОЛОГИИ

«ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫ МЕН ЭТНОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ДАМУ БОЛАШАҒЫ» атты
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдығы аясында ҚР ҰҒА құрметті академигі
Уахит Хамзаұлы Шәлекеновтың 90 жылдық мерейтойына арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
16 мамыр 2014 ж.

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции
«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ
АРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ И ЭТНОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ В КАЗАХСТАНЕ»,
приуроченной к 80-летию КазНУ им. аль-Фараби
и 90-летию почетного академика НАН РК У.Х. Шалекенова
16 мая 2014 г.

MATERIALS
of the International Scientific and Practical Conference
«ACTUAL PROBLEMS AND PROSPECTS OF DEVELOPMENT
OF ARCEOLOGICAL AND ETNOLOGICAL SCIENCES OF KAZAKHSTAN»
dedicated to the 80'th anniversary of al-Farabi Kazakh National University
and 90'th anniversary of Honor Academic of National Academy of Science of Republic of
Kazakhstan Uakhit Khamzinovich Shalekenov
May 16, 2014

Алматы
«Қазақ университеті»
2014

ескіңде археологияның бұрыннан шешілмей келе жатқан археологиялық ескерткіштерді сәйкес ескің этностармен және олардың мәдениеттерімен идентификация жасау, сондай-ақ этнологияның этногенез мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Археологиялық материалдар бойынша палео-этнокалық реконструкция жасауға, яғни тарихи дәуірге дейінгі этностардың тегін кімдер екендігін анықтауға этнотопонимиялық әдістің қаншалықты мүмкіншілігі бар екендігі, этностың этнологиялық тұрғыдағы зерттелу деңгейіне байланысты болмақ. Егерде этнос, этнологиялық тұрғыда жақсы зерттелген болса, онда археологиялық материалдар бойынша бұл этностың тегін, ескерткіштің этникалық тиістілігін этнотопонимиялық әдіспен зерттеп анықтау мүмкіндігінің маңызы артады. Егерде этнос, этнологиялық тұрғыда жақсы зерттелмеген болса, онда этностың тегі мен ескерткіштің этникалық тиістілігін аталмыш әдіспен зерттеп анықтау мүмкіндігінің пайызы кемиді. Ал, тарихи дәуірдегі этностар, этнологиялық тұрғыда салыстырмалы түрде жақсы зерттелетіндіктен бұл этностар мен олар қалдырған археологиялық ескерткіштерді, зираттарды этнотопонимиялық әдіспен зерттеу, толық нәтиже береді.

1 Седов В. Ранний период славянского этногенеза. «Вопросы этногенеза и этнической истории славян и восточных романцев». - Москва, 1976. - С. 82.

2 Кузьмина Е.Е. Историзм в археологии. Конференция «Историзм археологии: методологические проблемы». Тезисы докладов. - Москва, 1976. - С. 27.

3 Монгайт А.Л. Археологические культуры и этнические общности. «Народы Азии и Африки». 1967. №1; Арешян Г.Е. Культурно-исторический подход к изучению этнических общности в археологии. «Методологические проблемы исследования этнических культур». - Ереван. 1978.

4 Арутюнов С.А., Хазанов А.М. Проблема археологических критериев этнической специфики. Советская этнография. №6. С. 86.

5 Никонов В.А. Введение в топонимику. - Москва, 1965. - С. 166.

6 Лесков А.М. Таврская культура в горном Крыму. М. 1961. Автореферат. С. 20-23 // Смирнов А.И. Скифы. - М. Наука, 1966. - С. 38.

7 Мацулевич Л.А. Аланская проблема и этногенез Средней Азии // Советская этнография. 1947. № 6-77 С. 145-146.

Бексеитов Ғ.Т.Т.Ғ.К.,

Искаков Ғ.Т.Т.Ғ.К.,

Оспанов Е.Б.

магистр

Әл –Фараби атындағы ҚазҰУ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ жерінің мәдениетін зерттеу әрдайым отандық ғалымдардың ғана емес, сонымен қатар шетелдік ғалымдар тарапынан да құлшыныс пен қызығушылық туғызып отырған. Еліміздің сан қилы тарихымызға бет бұру мен оның мәдениетіне назар аудару халқымыздың төл мәдени туындылары мен ескерткіштерін сақтап қалуда үлкен септігін тигізері сөзсіз.

Қазақ халқының ұрпақтарына мұра етіп қалдырған ата бабаларымыздың іздерін әлбетте жазба, тарихи-мәдени археологиялық ескерткіштерден, шежірелерден және жер-су атауларынан байқауымызға болады.

2013 жылғы Батыс Қазақстан облысының шығыс, оңтүстік-батыс, батыс аудандарында зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында жаңа тарихи археологиялық ескерткіштердің орындары ашылған болатын. Зерттеу аумағына зираттардағы және бейіттер жанында орналасқан құлпытастар, кесенелер, мавзолейлер, әулиелі орындар мен археологиялық ескерткіштер және шежіре жинақтау мәселелері енді. Ғылыми зерттеу және экспедицияның барлау жұмыстары нәтижесінде 47 нысанда зерттеулер жүргізіліп жаңадан тарихи-мәдени ескерткіш орындары ашылды.

Зерттеу нысандарымыздың негізгі бөлігі құлпытастарға арналған еді. Экспедицияның мақсаты осы ескерткіштерді есепке алу, суретке түсіру, өлшем бірліктерін алу және ондағы салынған ру-таңбаларынына назар аударып суретін салып алу, қашап араб графикасымен жақсы жазылған құлпытастардың нақты суретін түсіріп алу болатын.

Құлпытастарды зерттеу барысында әулиелі орындар Жантола ата, Оспан ата, Дәдем ата, Мұстағали, Қажығали, Үлкен хазірет Ұлы Сағи, Кіші хазірет Сүлеймендердің зираттары мен жерлеу орындарындағы құлпытастары ашылды. Киелі ел аузында жүрген осы әулиелердің басына қойылған құлпытастардағы жазу араб графикасы үлгісінде жазылғанымен сақталу деңгейі нашар.

Дегенмен де жоғарыда аталынған аудандардағы құлпытастарды зерттеу барысында Қазақстан территориясындағы құлпытастарға тән ортақ белгілері кездесті. Атақты орыс зерттеушісі А.И. Левшинің ескерткіштерді категориялық нышандық бейнелері бойынша кестесін ұсынған болатын [3]. Бұл кесте бойынша жерленген адамдардың жас ерекшелігі, жыныстық түрі және кәсібі жайлы мәліметтерді құлпытастардағы белгілер арқылы білуге болады деген болатын. Мысалы:

Жас ерекшелік категориясы мен кәсібі бойынша	Мәртегі нышандық белгілер	Автордың деректері бойынша
Ер адамдар	Оларда аттың жалы, лента байланған шашақты найза, қамшылар, ертұрман, жебелі садақ найзаға откізілген жылқының бас сүйегі	А.И. Левшин., 54б. 112-113 б. [3]
Бүркітші	Бүркіт немесе қаршығаның стильге келтірілген бейнесі	А.И. Левшин., 112-113 б. [3]
Әйел адамдар	Киіз үйді орнатуға арналған бақан, киіз үй кергесі	А.И. Левшин., 54б. 112-113 б. [3]
Қыз балалар	Шаңырақ уығы	А.А. Кастанье., 84-85 б. [4]
Сәбилер	Бесік	А.И. Левшин., 54б. 112-113 б. [3]

Сонымен қатар Батыс Қазақстан аймағындағы құлпытастарды сыртқы түріне қарай екіге бөлуге болады. Зерттеу барысында Қаратөбе ауданының құлпытастары архитектуралық тұрғыда Маңғыстау мен Атырау облыстарында орналасқан құлпытастарға ұқсас болып келсе, қалған аудандарда мұндай белгілер байқалмайды (өте қарапайым сопақша түрде жасалған). Батыс Қазақстан құлпытастарының тағыда бір ерекшелігі адамның толық мәліметтерімен қатар тайпалық рулық таңба белгілерін басу тән болып келеді. Таңба деген сөздің мағынасына келетін болсақ бұл атаудың этимологиясы көне түрік сөзінен. Прототүрік тілінде «белгілі бір заттың ізі, қалдығы, табы, із қалдыру» деген мағына береді [5., 5-15 бб]. Қазақ таңбалардың құрылымы негізінен тік, жатық, қиғаш, келте, дөңгелек, жарты доға, иірек сызықшалардан құралған болатын осының барлық нышандары Батыс Қазақстанның құлпытастарында толығымен ұшырасып отырды. Зерттеу барысында Кердері, Беріш, Шеркеш, Сарыүйсін, Байбақты руларының қорымдары көптеп табылды.

1. Досхан ата кесенесі (U0679445, 5487879) – Кесене Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданының Аққозы ауылдық округінің Қоржын ауылынан батысқа қарай 5-6 шақырым жердегі жазықтықта орналасқан. оның қабырғалары саз балшықты күнге кептірілген кірпіштерден өрілген. Архитектурасы төртбұрышты, біркамералық, шамамен күмбезі сопақша болып келген кесене. Көлемі биіктігі шамамен 3м, ұзындығы 4,35см, ені 3,20см болған. Кесененің жарты бөлігі қираған, күмбезі құлап қалған. Төңірегінде белгі мен құлпытастар сақталмаған. Қабырғасының қалыңдығы 50см құрайды. Ауыл тұрғындары бұл кесене иесін әулие ата деп айтады. Кіретін есік орны сақталмаған. Салыну конструкциясы мен пайдаланылған материалдарға сәйкес кесене біздің заманымыздың алдын-ала топшылауымызша 18-19ғғ-ға жатқызамыз. Себебі Батыс Қазақстан бойынша осындай архитектуралық комплексті кесене осы ғасырлармен мерзімделеді. Жергілікті тұрғындардан атаның өмір сүрген уақыты жайлы мәлімет ала алмадық.

2. Бораш ата кесенесі (U0684486, 5485826) – Ескерткіш орны Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданының Аққозы ауылдық округінің Қоржын ауылынан солтүстікке қарай 7-8 шақырым жерде тегіс жазық жерде орналасқан. Кесене бір камералы, төртбұрышты, сақталуы орташа. Қабырғалары сұр түсті, күнге кептірілген саз балшықты кірпіштен қаланған. Қабырғаларының қалыңдығы шамамен 50см-дей болады. Көлемі биіктігі 5м-дей, ұзындығы 6м, ені 5м. Күмбездің сақталған бөлігіне қарап оның пішіні жоғарыға қарай сүйірленіп келген деп топшылауға болады. Кесенеге кіре беріс үшбұрыш тәріздес есігі оның батыс жағында орналасқан, тікесінен кесенеге кіру мүмкін емес. Әрине кесене ішінде жерленген адамның мәйіті болады, бірақта оны қазып иесінің антропологиялық бейнесін анықтау болашақтың ісі. Кесене тез арада қалпына келтіру жұмыстарын қажет етеді. Бораш кесенесінің солтүстік-батыс маңайында 2 дана құлап, сынып жатқан құлпытастары бар. Таңбалары жоқ. Сыртқы беттерінде араб графикасындағы жазбалар бар, бірақта

жаман сақталған жазулары. Кесенеді жерленген адамды жергілікті халық әулие кісі деп құрметтейді. Борап ата кесенесі Досхан ата кесенесінен 5-6 шақырым қашықтықта орналасқан.

3. Өте ата кесенесі (U0689912, 5484157) – Ескерткіш Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы Аққозы ауылдық округі Қоржын ауылының 4-ші Қоспа бөлімшесінің жеріндегі тегіс жазықтықта орналасқан. Кесене толығымен өзінің сыртқы пішінін сақтаған. Төртбұрышты тәріздес, бір камералы, күнге кептірілген саз балшықты кірпіштен өрілген. Қалыңдығы қабырғасының 80-90см-дей. Биіктігі шамамен 6м-дей, көлемі 6х6м –ге жуық. Кесененің күмбезінің бір шеті құлап қалған.

Күмбез сопақша етіп қаланған. Кесене ішінде есіктер орны бар болғанымен олар саз балшықты кірпіштермен қаланып тасталған. Ал кіре беріс есігі кесенеге оңтүстік бөлігінде орналасып, үшбұрышты болып келген. Өте ата кесенесінің қасында құлпытас орнатылған. Шамамен бұл құлпытас осы атаға арнап орнатылса керек.

Құлпытас көлемі 168х36х30см. Бұл құлпытас қолданбалы-эпиграфикалық, бір ярусты құлпытас тобына жатқызылады. Оның беткі бөлігі мен бір бүйірінде араб графикасындағы жазуы бар. Жазулары жақсы сақталған. Жоғарғы бөлігінде ою-өрнектері, ал төменгі жағында таңбасы бар. Таңба шекті руының таңбасына жақын келеді. Кесененің төңірегінде кішігірім жерлеу орындары бар. Өте ата кесенесін жергілікті тұрғын халықтары қатты құрметтейді, әулие кісі деп қадірлейді. Бірақ та нақты сол ата туралы мәлімет бере алмады.

4. Әулие Мұстағали ата бейіті (U0686919, 5439191) – Ескерткіш Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданында Өнеге ауылының жанында орналасқан. Ұрпақтары аталарының аруақтарын құрметтеп басына силикат кірпіштерден қоршау салып, құлпытас орнатыпты.

Әулие ата Мұстағали Есәлі ұлы 1882 жылы дүниеге келген екен. Руы Таңыркұл Төлеңгіт. Ол кісінің ұрпақтары ауылда және аудан орталығында тұрады екен. Ұрпақтары ата туралы нақтылы мәлімет бере алмады. Олардың айтуына қарағанда ата-бабалары сыйынып келген осы ата бейіт орнына. Мұстағали атаның көп жағдайда жүйке арумен ауыратын адамдарды емдейтін қасиеті бар көрінеді. Бейіт ішінде көне құлпытасы жоқ. Халықтар зиярат етіп атаның басында қонып кетеді екен.

5. Қажығали әулие бейіті (U0710599, 5416318) – Ескерткіш орны Батыс Қазақстан облысы Орда ауданының қазіргі Жиекқұм ауылынан оңтүстікке қарай 3 шақырым жерде орналасқан. Бейітте темір қоршау тұрғызылған, алдыңғы бөлігінде кішкентай металл тақтайшада фотосуреті қойылған. Қоршау ішінде жартылай сынған мрамор тасы орнатылған. Қажығали әулиенің руы Топпақ Алаша. Туған жылы 06.06.1902ж. Ал 1974 жылы 20-шы шілдеде дүниеден озған. Сол төңіректегі жұрт халықтары осы атаны әулие тұтады.

6. Ұлы Сағи әулие (Үлкен Хазірет) зираты (U0683481, 5413304) – Ескерткіш Батыс Қазақстан облысы Орда ауданы ауданы орталығынан солтүстікке қарай үш шақырым жерде орналасқан. Зират темір қоршаулармен қоршалған. Ішінде тас қоршаулармен қоршалған қабір орны бар. Тас қоршаудың сыртында тас плита орнатылған. Плитаның бетінде жерленген әулие атаның есімі мен оған тас қойған мекеме жазылған. Ұлы Сағи әулие кіші Сүлеймен әулиемен ағайындас. Жергілікті тұрғындар Сағи атаны Үлкен Хазрет деп атайды. Жалпы Орал халқы осы жерге келіп тағзым етеді. Бұл Әулие атаның басына жүйке ауруымен ауыратын адамдар, сырқат адамдар, нәресте көтере алмай жүрген әйел адамдар зиярат етіп барады.

7. Кіші Хазірет Сүлеймен әулие зираты (U0683052, 5410132) – әулие зираты Батыс Қазақстан облысы Орда ауданының батыс жағында екі шақырым жерде орналасқан. Оның бейіті темір қоршаумен қоршалған ортасында кішігірім құлпытас тұрғызылған. негізгі құлпытастың артқы жағында тағы бір құлпытас қирап жатыр. Негізгі құлпытастың жан-жағының барлығында арапша жазуы бар. Осы Сүлеймен ата әулие кісі деп танылады. Жергілікті жұрт осы Хазірет Сүлейменге тағзым етуге келеді.

8. Малтахан би кесенесі (U0287007, 5415687) – ескерткіш Батыс Қазақстан облысы Ордалы ауданы, Көктерек ауылының төртінші фермасынан 3 шақырым батысқа қарай қараған жерде орналасқан. Малтахан би Тайыр Жароковтың атасы. Оның өмір сүрген уақыты 1820 – 1910 жылдар. Малтахан би Шеркеш руынан шыққан, Жәңгір хан тұсында өмір сүрген, Махамбет пен Исатай көтерілісіне қатысқан. Кесенесі силикат кірпіштен тұрғызылған күмбезі бар, сырты бетон плиталармен қоршалған. Кесененің алдында тас тақтайшада Малтахан бидің аты-жөні, руы және кесене тұрғызылған ұрпақтары туралы жазулары бар.

9. Тәржіман (Таржеке) Хазірет (U0556969, 5597252) - ескерткіш Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы Шалқар қолінің бойындағы Хамза Есенжанов ауылының шетінде орналасқан. Тәржіман бейіті ауылдың зиратының ішінде орналасқан. Хазіреттің бейіті тастардан қаланған, төртбұрышты

болып келген. Бейіттің сыртында тастардан өрілген қоршауы бар. Осы тастардың үстінде қаланған құлыптас бар. Ауыл тұрғындары осы құлыптас сол кісінікі дейді. Тәржіман Хазірет 105 жыл өмір сүрген. Жергілікті халық бұл әулие атаға тағзым етіп келеді.

10. Дәдем ата (Жұмағазы Хазірет) (U0568227,5617359) – Дәдем ата кесенесі Батыс Қазақстан облысының Ақтөбе облысына жүретін Республикалық автотрасса жолының бойынан 2 шақырым жерде орналасқан. Жалпы облыс жұрты осы Дәдем атаны қатты құрметтейді, тағзым етуге келеді. Дәдем ата туралы, Қазбек Құттымұратұлы есімді тілші Оралдың «Дана» журналының №5 (6) маусым 2013 жылы «Құлыптас – сырын ашайық» мақаласында жария еткен. Кесене ішінде тастардан қаланған және қоршалған бейіті бар. Бейіттің үстіне кейіннен кесене тұрғызылған. Кесене ішінде тікесінен қойылған арабша жазулары нашар көрінетін құлыптас тұрғызылған. Дәдем ата кесенесінің жанында зират орындары орналасқан. Зираттағы құлыптастар нашар сақталған, жазулары көрінбейді.

11. Оспан ата әулие кесенесі (U0299031, 5534397) – Кесене Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы, Қошанкөл ауылынан батысқа қарай 2 шақырым жерде орналасқан. Оспан атаның руы Байбақты – Құлсүйіндік. Әулие атаның өмір сүрген уақыты 19 – шы ғасыр. Кесенесі ақ силикат кірпіштерден өрілген. Кесененің ішінде атаның мәйіті және құлыптасы бар. Құлыптастың көлемі 137,5 x 26,5 x 13 см. Оспан ата кесенесінің ішінде қызыл ағаштың қураған қалдықтары сақталған. Халқымызға белгілі А. Днишевтің аталары болып келеді. Құлыптастың төменгі бөлігінде Байбақты руының таңбасы бар. Қазіргі таңда зерттеу нышанына айналған бұл объектілер алде де зерттеуді қажет етеді, көптеген құлыптастар бұзылу қаупінің алдында тұр. Сонымен бірге жиналған дерек көздері шығыс танушылардың оның ішінде араб танушылардың жұмысын қажет етеді. Дегенменде бұл жұмыстардың барлығы болашақ та жүзеге асады деген ойға кәміл сенеміз.

1. Местонахождения каменного века на территории Прикаспийской низменности (Западно-Казахстанская область) по материалам полевых исследований 2011 г. //Археологические исследования в Казахстане. Труды научно-практической конференции «Маргулановские чтения -14» . Шымкент –Алматы: ЮКТУ им. М. Ауезова 2002. -260

2. Новые памятники каменного века Западно-Казахстанской области (по материалам полевых исследований в 2001 г) //Проблемы каменного века Средней и Центральной Азии (материалы международной конференции посвященный 70-летию ак. У.И. Исламова г. Ташкент). Новосибирск: ИАЭ СО РАН, 2002.-368с

3. Левшин А.И. Описание киргиз –казачьих или киргиз – кайсацких орд и степей. - Алматы : Санат, 1996.- С. 656.

4. Кастанье И.А. надгробные сооружения киргизских степей. //Труды Оренбургской ученой архивной комиссии, вып.26. - Оренбург, 1911

5. Самашев З., базылхан Н., С. Самашев Коне түрік таңбалары. – Алматы, 2010.-168 б.

ҚОСЫМША



1-сурет. Бораш ата кесенесі



2-сурет. Оспан ата кесенесі

2 секция

ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ӨЗЕКТІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ИЗУЧЕНИЯ АРХЕОЛОГИИ КАЗАХСТАНА

Елеуов М.,Талеев Д.А. Талас өңірінде 2013 ж. жүргізілген археологиялық барлау мен қазба жұмыстары.....	65
Рысбеков Т.З. Основные изучения периоды памятников Приуралья.....	70
Исамиддинов М. Х., Фарманова Г. К Историко-культурное развитие правобережья долины Среднего Зарафшана в эпоху ранне- железного века и первые века нашей эры	73
Омаров Ғ.Қ., Төлегенов Е. Т.,Үмітқалиев Ұ.Ұ. Элитарлық Бесобақорымындағы зерттеу жұмыстары.....	80
Байғунаков Д.С. Оңтүстік Қазақстан облысындағы кейбір Көктастықорымдар.....	88
Талеев Д.А. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Ақтөбе қалашығындағы археологиялық базасының тарихы.....	92
Абдурахманов Н.А. Археологиялық ескерткіштерді этникалық идентификациялау әдістері туралы кейбір мәселелер.....	95
Бексеитов Ғ.Т.,Искаков Ғ.Т.,Осианов Е.Б. Батыс Қазақстан облысындағы тарихи ескерткіштерді зерттеу мәселелері.....	99
СыдықоваЖ.Т. Археологические исследования на городище Жанкент в 2013 году.....	104
Сойкина Н.Ю. К вопросу о первых проявлениях изобразительного творчества.....	107
Кемелбеков Қ.Б., Бегдаулетова Қ.Д. Оңтүстік Қазақстанның кейбір археологиялық ескерткіштерін топонимиялық әдіспен зерттеу.....	111
Алохунова К вопросу о происхождении сакских комплексов Ферганской долины	115
Алипова С.Б. Қазақстан палеолитінің қазіргі таңдағы өзекті мәселелері	118
Рахимжанов К.К Ортағасырлық Қойлық қалашығындағы археологиялық зерттеу жұмыстары	124

3 секция

ТУРКІ ТІЛДЕС ХАЛЫҚТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХЫ МЕН ОРКЕНИЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ИЗУЧЕНИЕ ЭТНИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ И ЦИВИЛИЗАЦИИ ТЮРКОЯЗЫЧНЫХ НАРОДОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Досымбаева А История генезиса тюркского государства на территории Казахстана	127
Шабашов А.В Тюркская гидронимия низовий Буго-Днестровского междуречья. 1.Хаджибей и Куяльник.....	133